МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

●№34 (10 237) ●23 тамыз ● жұма ●2024 жыл ●aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ













## "МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" Республикалық акциясы

«Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Құрметті аудан тұрғындары! «Мектепке жол» республикалық акциясын іске асыруға белсенді қатысуларыңызды сұраймыз.




## ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



*Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!*

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

**«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары жене тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

## Қолбасшы, батыр Бөрібай Сарыұлының 330 жылдығына арналған "Бөрібай батыр оқулары" аудандық байқауының Ережесі

***1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР***

1.1. Байқау ережесі 15-20 жас аралығындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен Ақсу агротехникалық, Қапал кәсіптік - техникалық студенттері және 20 жастан жоғары аудан тұрғындары арасында өткізілетін «Бөрібай батыр оқулары» байқауының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырылуы мен өткізілуін, қатысушылардың қатысуын, жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау мемлекеттік тілде өткізіледі.

1.3. Байқау екі кезеңнен тұрады.

***2. Байқаудың мақсаты:***

Қолбасшы, батыр Бөрібай Сарыұлының өмірін, батырлығын ақын, жазушы, Ақсу ауданының Құрметті азаматы Дубек Мұсановтың «Бөрібай батыр» дастаны арқылы өскелең жас ұрпаққа насихаттау.

***3. Қатысушыларға қойылатын талаптар***

3.1. Байқауға мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық көркем сөз байқауларына қатысып жүрген 9 сыныптан жоғары оқушылар, студенттер, 18 жастан жоғарғы аудан тұрғындары қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысушы оқушылар мен студенттердің жетекшілері «Бөрібай батыр оқулары» байқауын өткізу уақытында келген сәттен бастап, өтетін орынға дейін,оны өткізу мерзімі және кейін тұрғылықты орнына жеткізгенге дейін қатысушылар үшін жетекшілері жауапты. Жетекші жіберіліп отырған мекемемен келісіліп тағайындалады.

***4. Қазылар алқасы шешім шығару барысында келесі критерийлерді басшылыққа алады***

• Берілген шығарманы толық жаттауы;
• Иннтонацияның дұрыс қойылуы;
• Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларының сақталуы;
• Сахнада өнер көрсету мәдениетінің сақталуы;
• Сахналық образды сақтау;

***5. «Бөрібай батыр оқуларының» ұйымдастыру және өткізілу тәртібі.***

«Бөрібай батыр» оқулары екі кезең бойынша өтеді

5.1. Бірінші кезең «Тойға арналып айтылды келісті өлең» қатысушылар Дубек Мұсановтың «Бөрібай батыр» дастаны бойынша еркін форматта жаттаған бөлігін оқиды. 10-15 шумақ.

5.2. Екінші кезең «Ұмтылады алдыға намыс қайнап» эстафета форматында өтеді. Қатысушыларға жоғарыда аталған шығарма бойынша кезекпен үзінділер оқылады. Қатысушылар ары қарай жалғастырып жатқа айтады. Мүдірген, жалғастыра алмаған қатысушылар байқаудан шығарылып отырылады.

5.3. Сайысқа қатысу үшін өтінімдер Ақсу аудандық кітапханасының aksubib_aksu@mail.ru электронды поштасына ағымдағы жылдың 10 қыркүйегі күні, сағат: 18.00-ге дейін қабылданады.

***Байқау қыркүйек айының 13-і күні өткізіледі.***

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Мұратбаев көшесі, 1, тел.: +77762702111, +77078609708;

Өтетін орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, "Ақын Сара" мәдениет үйі.

**6. Қорытындылау және марапаттау**

6.1. Байқау жеңімпаздары қазылар алқасының сараптамасы негізінде анықталады.

6.2. Байқаудың қорытындысы бойынша I, II, III орын жүлдегерлері мен номинация иегерлері "Дипломдар" мен арнайы сыйлықтармен, белсенді қатысушылар "Алғыс хаттармен" марапатталады.

***Жүлде қоры:***

15-18 жас аралығында
1-орын 150 мың
2-орын 100 мың
3-орын 50 мың
15 мыңнан 5 ынталандыру жүлдесі;
20 жас және жоғарылар арасында
1-орын 150 мың
2-орын 100 мың
3-орын 50 мың
15 мыңнан 5 ынталандыру жүлдесі.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық *"ҚАЗПОШТА"* байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

***"АҚСУ ӨҢІРІ"*** газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

# Жақсылық жасап жарысайық!




Ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпақ – мемлекетіміздің басты құндылығы. Олардың толыққанды білім алып, саналы азамат болып қалыптасына ықпал ету – басты міндет.

Осыған орай жаңа оқу жылының қарсаңында жыл бойы жалғасын табатын «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында Б.Садырбайұлы атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

2023-2024 жаңа оқу жылында ұйымдастырылған «Мектепке жол» Республикалық акциясы «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен өткізіліп отыр. Акция 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтитын болады. Аталмыш акцияның басты мақсаты - әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан, ата – ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға материалдық тұрғыда көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу болып табылады.

Акция аясында мектеп бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар анықталып, ата-аналарының өтініші негізінде оқушыларға көмек көрсетілуде. Демеушілерді тарту мақсатында әртүрлі бизнес өкілдеріне сұраныс хаттар жіберіліп, ата-аналар мен мектеп қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Жаңа оқу жылы қарсаңында акция аясында жалпы 20-ға жуық оқушыға 100000 теңге көлемінде көмек ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Осы жылы акцияға Қаракөз ауылдық әкімшілігі, ауыл иманы және мектеп мұғалімдерін тарту көзделіп отыр. Оқушыларға көмекті ұйымдастыру барысында мектеп формасы, кеңсе құралдары, мектеп сөмкесі және қажет болған жағдайда демеушілер тарапынан қаржылай да көмек көрсетілді.

Оқушыларға демеуші болып, қолдау көрсеткендердің басым көпшілігі – мектеп мұғалімдері. Ұстаздарыға, ата-аналарымыз бен демеушілерімізге игі шараның ұйытқысы болып, оқушыларымызға қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтамыз.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы әлі де жыл бойы жалғасын табады және оқушылардың әлеуметтік жағдайы басты назарда болады. Осыған байланысты мектебіміздің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарына және акцияға үлес қосып, демеуші болам деген тұлғаларға мектеп әкімшілігіне жолығуларын өтінеміз.

Жақсылық жасау - күн шуағындай адам жүрегін нұрға бөлейді. Ал, балаға қуаныш сыйлау бақыттың биік шыңы. Осы орайда акция аясында мектеп оқушыларына көмек көрсетіп қол ұшын созған әрбір демеушілерге тағы да шексіз алғыс білдіреміз.

**Гаухар ШАЙЫҚОВА,**
**Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.**

# Мектепке жол – шексіз жақсылық




«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясының мақсаты – жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы, толық емес отбасылардан шыққан оқушыларға, жағдайы төмен отбасыларға нақты көмек, қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу болып табылады.

Бүгінгі күні бір баланың өзін мектепке дайындау ата-анаға әжептәуір салмақ түсіретіні анық. Ал, отбасында бірнеше бала болса ше? Әлбетте, мұндай жағдайда әке-шеше барлық баласын бірдей жаңа оқу жылына сақадай сай етіп даярлай алмасы анық. Бұдан басқа да әлеуметтік көмекті қажет ететін тұрмысы төмен отбасы мен жетім, жартылай жетім жеткіншектер бар. Оларға да көп болып көмек көрсету игілікті іс. Осыған орай жыл сайын Республика көлемінде «Мектепке жол!» атты Республикалық акциясы өткізіліп келеді.

Бүлдіршіндерге қуаныш сыйлағыңыз келеді ме? Ендеше, жақсылыққа жетелейтін жақсы ниет танытуға керемет мүмкіндік туып тұр. Олай болса, "Мектепке жол" акциясы аясында қайырымды жандардың қолдауымен ұйымдастырылып отырған «Көшкентал орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі науқанға атсалысып, білім алушылардың қуанышына бөленіп, алғысына ие болуға шақырамыз.

**Бексұлтан ЖЕКСЕНБАЙ,**
**«Көшкентал орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

# ТІЛ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ




Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата - бабамыздан қалған баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын. Жарық дүниеге келген сәби бұл әлемді қай тілмен таныса сол тіл ол адам үшін қымбат. Себебі, сол тілмен ой өрісі дамып, көкірегі ашылып, көңілі небір жақсы сезімдерді тұшып, жүрек тұңғиығында сараланады. Себебі сол тілмен алғашқы өмірде нәр беретін нұрлы асыл сөздерді атайды. Сәбидің алғашқы ана - әке, ата - әже деген аяулы сөздері өмірді тану құлшынысының бастамасы. Тіл отбасылық қарым - қатынас қана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы.

Ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Елбасы Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілімізде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Тіл - әрбір ұлттың мақтанышы, жан дүниесінің айнасы. Ол- ең ұлы , тамаша тіл. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл

Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні болатын болса, осы құндылықтардың бәрін заманнан заманға, адамнан адамға жеткізуші — бүгінгі ұрпақ.

Бүгінгі таңда отбасындағы ұрпақ тәрбиесі - қоғамның бар саласына қатысты мәселе. Өйткені, бүгінгі шағын отбасы – ертеңгі үлкен мемлекет. Мемлекеттің тізгіні сенімді адамның қолында болу үшін ұрпаққа саналы білім қажет. Адам көп тіл білгеннен зиян көрмейді Керісінше оның талабы да, талғамы да артады. Бірақ ең басты тұғырда өз ана тілі тұруы керек. Адамның ой-өрісі өз тілінде дамып жетілгенде ғана құндылығы артады. Тіл — әр адамның болмысы. Егер тіл жойылса адам болмысыда жойылады. Сенің қазақ екеніңді айғақтайтын таптырмас дәлел, ол – ана тілің.

Әр азамат азаматша көп тілді меңгергені дұрыс. Сөйте тұра бәрінен биік өз тұғырында ана тілі тұруы керек. Төл тілімізді ардақтай білейік!

**Әсем ЕСЕНАМАНОВА,**
**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.**

# ТЕРРОРИЗМГЕ БІРГЕ ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ!

Терроризм – татулық пен бейбітшілікті негіз еткен мемлекетті күйретуге ықпал ететін бірден-бір жаһандық мәселе. Қазіргі таңда экстремизм мен терроризм адамзатқа төнетін шынайы қауіпке айналған.

Қазақстан Республикасының Заңындағы түсіндірілім бойынша, терроризм – күш қолдану идеологиясы арқылы халықты үрейлендіріп, жеке адамға, қоғам мен мемлекетке күш қолдану. Немесе өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау немесе жасаймын деп үрейлендіру арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін - өзі басқару ұйымдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету тәжірибесі.

Ал, терроризм актісіне – айтарлықтай мүліктік залал келтіру, адамдардың өміріне қауіп төндіру немесе қоғамға қауіпті өзге де іс-әрекеттер арқылы халықты жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де қауіпті іс-әрекеттер жасау. Немесе жасаймын деп үрейлендіру.

Сонымен қатар бұл іс-әрекеттер халықты үрейлендіру немесе қоғамдық қауіпсіздікті бұзу не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың, шет мемлекеттердің шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалады.

Сондай-ақ, осындай мақсаттармен адам өміріне қиянат жасау, сол сияқты қоғам қайраткерінің немесе мемлекеттік тұлғаның өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау болып саналады.

“Террор” - сөзінің мағынасы латын тілінен аударғанда – үрей, қорқыныш деген мағынаны білдіреді.

Терроризмнің көздеген мақсаты – қоғам қауіпсіздігін тәрк ету. Яғни, адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтіру. Соныңтан да мұны көп обьектілі қылмыс түріне жатқызады. Аталған қылмыстың обьективтік жағы – өрт қою, адамдар көп шоғырланған жерлерде жарылыс жасау, қоғамға қауіпті өзге де іс-әрекеттерге бар. Ал, субьективті жағын алар болсақ, терроризм тек қана тікелей қасақана ниетпен жасалады. Яғни, кінәлі адам заңда бұрыс деп көрсетілген әрекеттерге бару арқылы зардаптардың болу қаупін туғызғанын немесе сондай әрекетке барамын деп қорқыту арқылы қоғамға қауіптілігін сездіреді. Және соны жүзеге асырады.

Мұндай қылмыстың субьектісіне 14 жастан асқан жасөспірімдер де саналады. Ал, обьекті ретінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қатынастар жатады. Олар азаматтардың өмірі мен денсаулығына басқа да құндылықтарына мүдделі.

**Қайдар ЖАҒЫПАР,**
**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.**

# "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН"
## экологиялық акциясы




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзбен қарауға тиіс», – деген. Ерте көктемнен басталған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы әлі де жалғасуда.

Акцияның «Таза өлке» бағыты бойынша Қарасу ауылдық округінде елдімекен тұрғындары, қоғамдық жұмысшылар, округ әкімдігі мен мекеме – ұйымдар, аурухана мен мәдениет қызметкерлері, ауылдық ккітапхана ұжымы, кәсіпкерлер іргелес аумақтар мен белгіленген аулаларды тазалады. Тазалық пен тәртіп – кез - келген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі.

Сондықтан халқымыз «Ауылына қараап азаматтын таны» демей ме. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қарасу ауылдық округі бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Тазалық жұмыстарына «Жасыл ел» еңбек жасақтары мен жастар, округ бойынша ауылдық округтары мамандары мен тұрғындары және жалпы 60 - 70 адам жұмылдырылды. Республикалық мәндегі автомобиль жолының Сарқан бағытындағы оң жақ жол бойындағы құлаған, қураған ағаштарды шығарып, санитарлық жұмыстары жүргізілді. Тазалық жұмыстарына қосымша техника қамтылды. Атқарылған тазалық жұмыстарына жалпы ауыл тұрғындары бір кісідей атсалысты. Алдағы таңдада осындай жұмыстар жалғасын табатын болады.

**Бақыт ЖАҚСЫБАЕВА,**
**Кеңжыра ауылдық кітапханасының кітапханашысы,**

# Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе!



Қазақтың данышпан ақыны Абайдың артына қалдырған мұрасы – халқымыздың еркениеттің еріне маңдай түзер темірқазығы, асыл қазынасы. Әркайсымыздың жүрегімізге жақсылық, ізгілік нұрын себетін ұлы ақын қазақ халқына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәңгілік тұлға. Шығармашылығының қай жағын алып қарасақ та, Абай мұрасынан өзімізді толғантып отырған көптеген мәселелерге жауап табамыз. Ұлы ақын қамтымаған сала жоқ: поэзия, музыка, философия, өнер, тарих, этнография, эстетика, педагогика, дін, заң мәселелері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз Абай күні мерекелік күнтізбесіне 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында бекітілді.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе.
Адамдықты көздесең,

Жаттап, тоқы көңілге, - деп ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, перзенттік парызымызды ақтаудың негізгі жолы – Абайға үңілу, оның асыл мұрасын өскелең ұрпақтың бойына сіңіре білу және ұлы ақын өсиетіне адал , парасат биігіне ұмтылған Абай ұрпақтарын тәрбиелеу болып табылады . 10 тамыз ұлы Абай күніне орай , Ақсу ауылдық округі тұрғындары арасында Ақсу ауылдық мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе!» атты Абай Құнанбайұлының таңдаулы шығармаларын мәнерлеп, жатқа оқу сайысы болып өтті. Сайыс 1.«Білімдіден шыққан сөз» және 2.«Өлеңге әркімнің де бар таласы» атты кезеңдер бойынша өтті. Аталмыш шараға қатысушылар Абай атамыздың өлеңдері мен қарасөздерін мәнерлеп , жатқа оқып, ақын өмірі мен шығармашылығынан қойылған сұрақтарға келген көрермендер дұрыс жауап беріп ерекше әсер сыйлады. Сайыстың 1-ші кезеңінде Абай өлеңдерінің мәнмағынасын түсініп мәнерлеп, жатқа оқуда ерекше көзге түскен қатысушылар да болды. Атап айтсақ, Серікқанқызы Айзере І-ші орын, Ғалымқызы Гулина ІІ-ші, Кәкім Мөлдір ІІІ-ші орын. Сайысымыздың екінші кезеңі «Өлеңге әркімнің де бар таласы» атты ұлы Абайға арнау бойынша Төкен Інкәр ІІ-ші, Мұқамжар Қанағат ІІІ-ші Ясын Қалиәкбарұлы жүлделі І-ші орынға ие болды. Ал сайысымыздың бас жүлдесін арнау бойынша Кәкім Нұрай жеңіп алды.

Сайыс соңында жеңімпаздар мен қатысушыларға және белсенді көрермендерге дипломдар, мадақтамалар табыс етілді. Осындай қатысушылардың жетістікке қол жеткізгені біз үшін үлкен қуаныш болып табылады. Абай шығармалары барлық оқырман үшін де үлкен тәрбие мектебі. Өлеңдерін оқып отырып өз - өзіңді тәрбиелейсің. Абай шығармаларынан тәлім алу, оны ұғынып бойына сіңіре білу – бүгінгі ұрпақ алдындағы үлкен міндет. Ол үшін «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе»,-деген сөз әрбіріміздің ұстанымымыз болуы қажет.

**Халида БАЙБОСЫНОВА,**
**Ақсу ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.**

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ТҮЙЕ ПАЛУАНДАР АРАСЫНДАҒЫ БӨРІБАЙ БАТЫРДЫҢ 330 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ТУРНИРДІҢ ЕРЕЖЕСІ

***1. Жарыстың мақсаты және міндеттері.***
- Ұлттық күресті бұқаралық негізде облыс көлемінде дамыту;
- Қазақ күресі негізінде құрама командасын дайындау.

***2. Өтетін орны мен мерзімі.***
2024 жылғы 13 қыркүйек күні Ақсу ауданы Жансүгіров а.о. дене шынықтыру сауықтыру кешенінде(ФОК). Мандаттық комиссия отырысы 13 қыркүйек сағат 9,00 ден 10.00-ге дейін.

***3. Жарыс өткізудегі жетекшілік.***
Жалпы басшылық «Ақсу ауданының балалармен жасөспірімдер спорт мектебі КММ» бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

***4. Жарысқа қатысушылар.***
Жарысқа қатысушы палуандар міндетті түрде 18 жасқа толған салмағы 90 + өздерімен бірге мандаттық комиссиясынан өтуге құжаттары болуы керек (палуандардың міндетті түрде жеке куәлігі, күрес алаңына «БЕРЕН» кимanосымен болуы қажет). Команда жетекшісі мандаттық комиссия отырысына әр палуанның аты-жөні және салмағы жазылған дәрігердің жарысқа қатысуға рұқсат деген мөрі басылған өтініш өткізу қажет.

***5. Шығындар***
Қатысушылардың жолы, тамағы, жатын орнына қатысты шығындар іс-сапарға жіберуші мекемелер немесе жеке тұлға есебінен жүргізіледі.

***6. Марапаттау рәсімі***
1 орынды - иеленген палуанға 250 мың теңге,
2 орын - 150 мың теңге,
3 орын - 50 мың теңге,
3 орын - 50 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталады.

***Жарыстың бас төрешісі: Ерлан Садуақасов.***
***Қосымша сұрақтар бойынша: Е.Тогасов, 87476936080.***

●*ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!*

# ЖЫР ДҮЛДҮЛІ - ІЛИЯС

Жер жаннаты Жетісудың ардақты перзенті, арайлы Ақсу өлкесінің тумасы, жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтің өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа ұғындыру және үлгі ету мақсатында қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, қазақ поэзиясына революциялық өзгеріс әкелген үлкен ақын, әдебиетіміздің барлық жанрына елеулі еңбек сіңірген Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл толуына орай, 12 тамыз күні Арасан ауылдық кітапханасында «Жыр дүлдүлі - Ілияс» атты поэзия кеші өтті. Аталмыш шараға Ақсу аудандық кітапханасының директоры Эльмира Жұмағазықызы мен аудандық кітапханасының библиографы Гүлшат Тұрсынқызы және кітапхана оқырмандары қатысты. Шара




барысында І.Жансүгіровтың шығармашылығына тоқталып, ақынға арнау өлеңдер оқылды. Оқырмандар ақын шығармашылығындағы шоқтығы биік шыңы – оның қаламынан туған қазақ поэзиясының інжу-маржанына айналған «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмасынан үзінді және ақынның табиғат,туған жер туралы әр тақырыпта жазылған танымал өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды.

Кеш соңында қонақтарға сөз берілді. Қорыта айтар болсақ, Ілияс Жансүгіров жырындағы талантылығымен, ақындықтағы қыран қимылымен, Құлагердей тұлпарларға ғана бұйырар сыбағасымен жыр дүниесін қалдырып кетке ақын. Ол қазақ деген халқы барда мәңгілік өлмек емес!

**Алима ШАПИЫҚ,**
**Арасан ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

***

# МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

2024 жылы Бейімбет Майлинның 130 жылдық мерейтойы. Қазақ прозасының алып бәйтерегі Бейімбет Майлин 1894 жылы Қостанай облысында туған. Арғынбай қажының медресесінде, Қостанайдағы орыс - қазақ мектебінде, Уфадағы Ғалия медресесінде, Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде оқыған. 1923 - 1925 жылдары Қостанай губерниялық «Ауыл» газетінде, 1925-1928 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінде, 1928-1932 жылдары республикалық «Ауыл тілі» газетінде әдеби қызметкер, редактор болды.

1932-1937 жылдары - «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарған. Уфадағы Ғалия медресесінде оқыған жылдары татардың Ғ.Ибрагимов, М.Ғафури сынды ақын - жазушыларымен шығармашылық байланыста болды. Осы оқу орнындағы «Садақ» қолжазба журналында «Мұсылмандық белгісі» атты тұңғыш өлеңі




жарық көрді. Оның алғашқы шығармалары - «Қостанай уезі, Дамбар болысы» очеркі, «Мұқтаждық», «Көңіліме» атты өлеңі, «Мал», «Шұғаның белгісі» повесі, «Болған іс» әңгімесі «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланды. «Кедейге», «Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз», «Жазғы жайлауда», «Наурыз түлегі», «Көк сиыр», «Біздің жастар», «Мырқымбай», «Әйт, шу... ала атым», «Қарасор», «Бер, Мырқымбай, қолыңды!», «Әй, Мырқымбай», «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Қанды кек», «Сексен сом», «Күлпаш», «Талақ», «Қара шелек», «Ақталған еңбек», «Сары ала тон», «Шапайдың хаты», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Даудың басы - Дайрабайдың көк сиыры», «Бигайшаның хаты», «Аштық құрбаны», «Сойқанды содырлар», «Кесінділер», «Алыптарды аралағанда», «Шұғаның белгісі», «Раушан - коммунист», «Азамат Азаматыч», «Қызыл жалау», «Қоңсылар», «Тартыс» атты поэмалар, фельетондар, очерктер, повестер мен романдардың, 25 пьесаның, либретто мен сценарийлердің авторы.

Бейімбет Майлин 1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, саяси репрессияның құрбаны болды. Оның әйелі Гүлжамал Майлина да қамауға алынып, ҚарЛАГқа жіберілген. Ұлы тұлғаны ұрпақтар ешқашан ұмытпайды.

**Гүлбахар ЕРКІН,**
**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.**

# Ақын Сараның "Қош бол елім" өлеңінің көркемдік ерекшелігі



Сара Тастанбекқызының өмірден озарынан біраз жыл бұрын жазылған өлеңі «Қош бол елім». Бұл өлең Сара Тастанбекқызының басқа өлеңдеріне қарағанда шоқтығы биік, мазмұны терең, үлкен философиялық түйіні бар шығармашылығы болып саналады. Қош бол елім өлеңінде өз дәуіріндегі Сараның өз басынан өткен ауыр халімен бірге жаралы жан дүниесі көрініс табады. Өзінің жан дүниесіндегі мұң мен зарды Сара өлең арқылы сыртқа шығаруымен қатар сол кездегі қазақ даласындағы әлеуметтік келеңсіз жағдайларды да өлең жолдарына тіл көркемдігі мен өре білген.

Өлеңде негізінен өзіне арашашы болған елжұртқа алғыс айтумен қатар жұрттың Сараның басын жоғары бағалағандығы да өлең жолдарынан көрініс табады. Сараның бұл поэзиясында Жетісуды мекендеген қазақ руларының аралас-құралас өмір кешкендігі, олардың арасындағы сол дәуірдегі қарым-қатынас ашық баяндалады.

Осы аталмыш руларға Сараның атағының кеңінен жайылғандығы айқын көрінеді. Өлеңде жалайыр елінің ел бастаған игі жақсылары мен қол бастаған батыр-мергендері, өз дәуірінде елге сыйлы болған ел аналары аталған. Өлеңнің бірінші кезекте тіл көркемдігі сонымен қатар мазмұн, одан шығатын түйін барлығы бір - бірімен композициялық жағынан қисынын тапқан. Өлеңде кездесетін көркем сөз қолдану тәсілдері теңеудің түрлері жиі қолданылған. Сонымен қатар троптың түрлері, метафора метонимия, эпитет түрлері де өлеңнің көркемдік ерекшелігін айшықтай түскен.

Бұл өлеңде Сара өзінің сөзге шешен, әнге жүйрік, суырып салма ақын екендігін айта келіп, өзінің кемшілігін де жасырмайды. Сараның олқылығы жазба, жазу өнеріне олақ екендігін де тілге тиек етеді. Солай болған күннің өзінде де, хатқа жүйрік болмағанмен сөзге жүйрік Жетісу бұлбұлы өлеңнің буыны, бунақ саны, тармақ, одан шығатын шумақ сандарының сәйкестігі, ұйқас түрін дәл тауып өлеңде мазмұны мен ұйқасын қиыстыру жағынан сауатты деген ақындардан көш алдында екендігін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда ұлы данышпан, ойшыл, қазақ поэзиясының алыбы, ұлы Абайдың тілімен айтсақ «сырты алтын, іші күміс, сөз жақсысын» орнымен қолдана білген ақын қыздың поэзиясы уақыт өткен сайын жаңарып, біздің заманымызда да өзінің құнын жоғалтқан емес.

**А.САПАРОВА,**
**Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.**

**МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ ТОЛҒАНБАЙ АҚЫНҒА – 180 ЖЫЛ!**

## *Толғанбай ақынның туындысы*

# Көңіл

*Құлақ құрышы қана алмас – Толғанбай, Тайкөт, Арсалаң!*

*Іляс ЖАНСҮГІРОВ.*

Бексұлтан төренің жалғыз ұлы Сүлеймен төре 40 жасқа келіп, 1862 жылы өмірден өтеді. Жаназа, жетісі, қырқына шақырылған үш Матай елі бармайды. Себебі, Сергиопаль уезд бастығының көмекшісі Сүлеймен төре 30 жасында, 12 мың жылқысына жайылымға деп Байжігіт пен Қызай елінің жерін қиянпұрыстықпен тартып алады. Сол салдардан Байжігіт пен Қызай елі Тоқта-Барлықтан арғы бет, Қытайға асып кетеді. Үш Матай елі намысқа басып, Сүлеймен төрені шауып алайын десе, аталас екі ел Қаракерей мен Матай шабысады. «Аталас екі ел соғысты» деген жаман атаққа қалады. Кінә төрелерде. Сондықтан Матай елі Қаракерей жағымен оннан аса жылдарға суысып, тіпті ат ізін үзіп, қарым қатынасты доғарумен тынады.

1863 жылы Сүлеймен төренің асы болады. Асқа сауын айтылып, талай ел шақырылады. Үш Матай елі асқа шақырылса да келмесін біліп, төрелер қулық ақылға басады.

- Осы қазақ – мұсылман ба? – дейді. Иә, мұсылман! – дегендерге:

- Әй, қайдам, мұсылман емес-ау? Өйткені, қазаға іргелес Матай елін үш шақырдық! Келмеді! – деген сөзді елелге тараттыртып, үш Матай елінің басы Маман құтқа, асқа шақырумен қоса, осы қауесет сөзді де жеткіздіртеді. Маман құт үш Матай елінің игі жақсыларын жинап, мәжіліс құрып:

- Төрелер қазаға үш шақырып, бармаған ісіміз исі қазаққа тиіпті! Енді, асқа тамақ ішу үшін емес, қазақ екенімізді білдіре барамыз! Соған ақыл қосыңдар! – дейді. Ол жайында Мырзағұлұлы Толғанбай ақын:

Сөйлемес Сүлейменге ешкім батып,
Халықты тамсандырып, таңырқатып.
Халықтың тамсанғаны мынау болды,
Байжігіт пен Қызайдың ата жұрты,
Әңгір сап, Тоқта-Барлықты алды тартып.
Сүлеймен қырық жасында болды қайтыс,
Шақырды Матай елін сауын айтып.
Шақырған «жаназаға» бармақ түгіл,
Ат ізін салмай қойды енді қайтып.
Тағы да Сүлейменнің асы бар деп,
Шақыртқан Матай елін сауын айтып.
Ас берген Арқадағы Қаракерей,
Маман құт жүрмек болды жолды тартып.
Қосылды Аталықтан Шиырбай шешен,
Мүсәпір батыр жүрді қосын артып.
Жас ақын Тоқпанбеттен Толғанбай да,
Жұбатып жүрмек болды көңіл айтып.
Барлығы елу адам атқа мінді,
Бәрінде бармақшының хатқа тізді.
Артқаны он түйеге қант пен шай,
Байлайды елу бие желі тартып.
Атшысы, қазаншысы бәрі де сай,
Алдынан жолын тосқан кереші бай.
Ауылына ас бергеннің тақау келді,
Жол тосқан керешілер мұны көрді.
Матайдың адамдары келеді деп,
Малайға, Қоңырменен хабар берді.
Малай мен Қоңыр сонда хабаршыға,
Апарып бір кең сазға түсір деді.
Ішінде басшысы кім, саны қанша,
Хабарын соның бізге білгіз деді.
Басы Маман, Шиырбай, Мүсәпір бар,
Барлық саны болады «елу» деді.
Әкеліп бір кең сазға жүк түсірді,
Жүк түсіріп, сол жерге шатыр тікті.
Елу бие байлайды желі қағып,
Тамақ ішіп, дамылдап, тынығыпты.
Тамақ ішіп, дамылдап, тыныққан соң,
Ауылына Сүлейменнің ат қойыпты.
Шақырған жаназаға келмеді деп,
Өкпелеп Қоңыр, Малай жатып қапты.
Үйінен сегіз қанат Сүлейменнің,
Матайдың адамдары орын апты.
Орналасып барлығы отырған соң,
Домбыра алып, Толғанбай «көңіл» айтты, - деп баяндайды.

Толғанбай ақынның төрелерге айтқан «Көңілі» әуенімен сақталған. Мәтіні былай:



Сөздің басы бісмілдә,
Әреңменен бітіпті.
Салтанат мінез пайда боп,
Қара қылды қақ жарған,
Әділ билік көп айтқан.
Қара қасқа атты Қамбардан,
Кем емес еді ерлігі,
Сүлеймен төре жоқ мұнда.
Атан өлсе жүк қалар,
Артындағы тайлаққа,
Қоңыр, Малай сөз тыңда!
Ақ тұйғын ұшты бауы жоқ,
Өлімнен пенде сауы жоқ,
Бүтін туған бауыр жоқ,
Тұяғы бүтін сұңқар жоқ,
Өтпейтұғын өмір жоқ,
Сынбайтұғын темір жоқ,
Алладан бұйрық келген соң,
Пенденің қылар дауы жоқ!
Қайран төрем өттің бе?
Шын дүниеге жеттің бе?
Жаннатқа қарай жүрерде,
Хор қызымен күлерде,
Қатын менен балаңа,
Арызыңды айттың ба?
Өсиетіңді жаздырып,
Дүниеден қайттың ба?
Бес жасында жақ аттың,
Жас шыбықтан оқ аттың.
Алты жасқа келгенде,
Асауды ұстап үйреттің.
Үйіңе келген қонақтың,
Атын ерттеп жөнелттің.
Жеті жасқа келгенде
Балалықты жоғалттың.
Сегіз жасқа келгенде,
Салтанат мінез пайда боп,
Жігіттермен алыстың.
Тоғыз жасқа келгенде,
Толымды болып ер жеттің.
Он жасыңа келгенде,
Жанды аузыңа қараттың,
Өсиетті тараттың.
Атадан қалған дәулетің,
Қырық атаңға жамбы арттың.
Он бір жасқа келгенде,
Боламын деп бұлқындың.
Бозбалалар таң көрген,
Ойының мен күлкіңді.
Дәулетің баста тұрғанда,
Тоқта, Барлықты тартып ап,
Байжігіт пен Қызайдан,
Өрлете салдың жылқыңды.
Алладан бұйрық келген соң,
Артыңа тастап кеттің бе?
Осынша жиған мүлкіңді?
Он екі жасқа келгенде,
Орнықты болып ой бітті.
Он үш жасқа келгенде,
Жан қарайтын өзіңе,
Тал шыбықтай бой бітті.
Он төрт жасқа келгенде,
Қызық , думан топ іздеп,
Көріндің көркем келбетті.
Он бес жасқа келгенде,
Мінілмеген құр аттай,
Төстен аққан бұлақтай,
Ел қамына қарадың.
Тағдырын шешіп жылатпай,
Айтқан сөзің ем болды,
Ішке құйған сынаптай.
Он алтыға келгенде,
Жақсы атаққа ілindің,
Ой-найманға біліндің,
Көп құрметтеп сыйлады,
Зиянын көрмей тіліңнің.
Он жеті жасқа келгенде,
Арғымақ аттай аттадың,
Пендеге жаман айтпадың.
Өтірік қиял сөз сөйлеп,
Қызыл тілді сатпадың.
Тоқта, Барлықты алсам деп,
Байжігіт пен Қызайдан,
Күндіз, түні жатпадың.
Ғарып пенен қасарға,
Осындай айла тапқаның.
Жарлығың жалған болмаған,
Әділетті төре едің,
Ғарыптың күшін ақтадың!
Он сегізге келгенде,
Кер маралдай керілдің.
Қызылды, жасылды киіндің,
Қызбалықты көріндің,
Кісілікке ілiндің.
Байжігіт пен Қызайдан,
Тоқта, Барлықты алам деп,
Өз ішіңнен бүліндің.
Он тоғызда сері едің,
Жүрген жерің ду базар,
Бозбаланың гүлі едің.
Атаң менен апаңның,
Жарқыраған күні едің.
Жиырма жасқа келгенде,
Аузыңды айға біледің.
Бала құстай талпынып,
Алыстан тоят тіледің.
Жиырма бірде шарық қып,
Жұртыңды сөзге қарық қып,
Бұлбұлдай болып сайрадың.
Жиырма екі жасыңда,
Жарқырадың, жайнадың.
Найзағайдың тасындай,
Тәңір берген бақытың,
Балталаса кеспестей,
Орнапты сонда басың-ай.
Жиырма үште тұрғанда,
Төрелік кеңес құрғанда,
Қас болған сізге тас болып,
Тұрды ма «тақсыр» бас ұрмай.
Жиырма төртке келгенде,
Келістіріп ұстадың,
Қарайған халық, жұртыңды-ай.
Жиырма беске келгенде,
Ортекедей ойнадың,
Қыранның ұстап бүркітін.
Белдеуге жүйрік байладың,
Бұлбұл құстай сайрадың,
Болатты тасқа қайрадың.
Қарт бурадай қамдандың,
Қас батырдай шамдандың.
Ерегескен дұшпанды,
Жеңбей сірә қоймадың.
Дәулетің баста тұрғанда,
Байжігіт пен Қызайды,
Тоқта, Барлықтан айдадың.
Ғарып пенен қасарға,
Тиіп еді қайраның.
Отызда салдың ойранды,
Ғарып пенен қасарға,
Көп тигіздің пайдаңды.
Артында қалған қайран жер,
Тоқта, Барлықты тартып ап,
Салып едің сайрамды.
Тартып алған жеріңнің,
Көп көрмедің қызығын.
Кеттің-ау, төрем арманда!
Отыз беске келгенде,
Әр іс келді қолыңнан.
Қамын ойлап жұртыңның,
Тапжылмадың, таймадың,
Әділеттік жолынан.
Балаңды беріп молдаға,
Шариғатқа бойладың.
Бексұлтанды «құдайым»,
Шалықты қылып жаратқан,
Әкенің жолын ойладың.
Қырық жасқа келгенде,
Халқыңа құрдың мырзалық.
Мешеу ел, мүскін, нашарлар,
Білдіріп сізге ризалық.
Атан алып, ат мініп,
Шапан киіп, шат күліп,
Кетуші еді келген ел,
Сіздікінен ырғалып.
Асып едің талайдан,
Орның болсын төрем-ау,
Сегіз жұмақ сарайдан.
Баяғыңдай боларсың,
Бай тағыңа қонарсың?!
Әлі бақыт кеткен жоқ,
Қоңыр менен Малайдан.
Дәулетің баста тұрғанда,
Байжігіт пен Қызайдан,
Тоқта, Барлықты алып ең.
Өкініш қылмай төрелер,
Ақырын сұра Құдайдан!
Құдіреті күшті құдайым,
Болжауымен таң атқан,
Мезгілімен күн батқан.
Бас бермейін дегеннің,
Жалғызын жардан құлатқан.
Мал бермейін дегеннің,
Қу таяғын сұлатқан.
Бексұлтанды құдайым,
Шалықты қылып жаратқан.
Әділетті төре екен,
Қорыққанды қуантқан,
Жылағанды уантқан.
Ерегескен дұшпанның,
Айдын көлін суалтқан,
Босағасын қуартқан.
Ғали да өткен дүниеден,
Мың кісіні бір шапқан,
Қылышынан қан аққан.
Қарынбай өткен дүниеден,
Мың түйеге жүк артқан.
Өлім Алла расы,
Пайғамбардың мұрасы.
Қасен менен Құсайын,
Ер Ғалидің баласы,
Бәтима еді анасы,
Пайғамбардың сарасы.
Құсайын шейіт болыпты,
Кербаланың шөлінде,
Сақабаның елінде,
Пайғамбардың жерінде,
Жазиттің мың сан қолында.
Соларға опа бермеген,
Сұм жалғанға қарашы.
Өкініш қылмай төрелер,
Құдайдан артын сұрашы!
Пендесі көнбей қайтеді,
Алланың өзі салғанға.
Жағыңды ұста тәубә қыл,
Артында ұрпақ қалғанға!
Алланың досы Ыбрайым,
Баласын шалған құрбанға.
Көк қошқар түскен аспаннан,
Пышағы өтпей тұрғанда.
Ақырын тіле төрелер,
Жеткізсін алла иманға! Көңіл айтылып болған соң, Сүлеймен төренің ханымы күміс табаққа салып, «үш Матай елінің сыйы» деп тайтұяқ, қойтұяқ, найын көзір алтын жамбы тарту тартады. Ханым берген сыйды Аталықтан Шиырбай шешен, Қаптағайдан Маман құт, Кенжеден Өтебай Қашаған болыс иемденеді. Екі ел арасындағы араздық осыдан соң ыдырап, татулыққа бет бұрады.

### *ТҮСІНІКТЕМЕ*

«Көңілді» Толғанбай Мырзағұлұлы (1844-1897 ж.ж) 19 жасында, 1863 жылы қыркүйек айында, Тарбағатай бауырында өткен Сүлеймен төренің асында айтқан. Аста үш жүзге мәшһұр Түбек Байқошқарұлымен Толғанбай айтысып жеңеді.

Қаптағай Маман Қалқабайұлы (1820 – 1901 ж.ж.) - Ой-Найманның құты.

Аталық Шиырбай шешен (1819 -1904 ж.ж.) - үш Матай елінің бас ақылшысы.

Елі Кенже-Байғазы, Байтулақұлы Мүсәпір батыр (1838 – 1904 ж.ж.) - үш Матай елінің арысы.

Ағадайұлы Бексұлтан төре - Сүлеймен төренің әкесі, қазақтың Әбілмәмбет ханының ұрпағы.

Қоңыр, Малай – Сүлеймен төренің ұлдары.

Байжігіт пен Қызай – ел атауы. Тоқта мен Барлық – жер атауы.

**Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.**

# Құрманғазы

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Хан - Базарда (Орданы бір кезде солай атайтын. – А.Ж.) болып тұратын домбыра тартыстың қызу ортасында жүретін, Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ атты күйші болды. Өзінің туып - өскен жері Жайық өзенінің шығыс жақ беті болғанымен, домбырашылық дәстүрде Ұзақ Бөкейлік жағына бейім болды (Өзі Алатауда туғанымен әншілік сүтін Көкшетау дәстүрінен еміп ауызданған Балуан Шолақ сияқты. – А.Ж.). Өмір тәжірибесі де, көрген - білгені де көп Ұзақ қайда жүрсе де қадірлі, сыйлы қонақ болды. Өзі күй шығаруды машық етпегенен бе, Ұзақтың атымен байланысты күй бізге бірен - саран болып қана жетіп жүр.

Бірақ өзінің аса қабілетті орындаушылығы және сол өңірдің күй қорының көпшілігін меңгергені арқасында, Ұзақ күй жарысында жүлдені басқаларға бере қоймайтын.

Міне, осы Ұзақ қарт өзінің бір сапарында Сағырбай қоңсы қонып отырған баяғы Шағбала байдың аулына келеді. Әдетше байды, барды сағаламайтын Ұзақтың ат маңдайы Сағырбайдың қоңыр үйіне келіп тіреледі. Қонақуар Алқа барынша Ұзақты күтеді, сыйлайды, «барым әзір, жоқ жәй» көрсетеді. Күй кешіне жиналған халық Сағырбайдың төрт қанат үйінің «аузы - мұрнынан» шығады. Таң саз беріп атқанша Ұзақтың күйі таусылмайды. Бірінің артынан бірі түйдектеліп небір әсем күйлер кетіп жатады. Күйдің басында, орта жерінде ауызша түсінік беріп, аяғында «осылай болыпты» деп қорытқан сан түрлі, сан мазмұнды күйлер тыңдаушы халықты балқытады. Ақылдының сөзіндей ойлы күйлер үзік, түндегі жұлдыздай болып шұрқ - шұрқ үйге жел соғып тұрғанын да тыңдаушыларға байқатпайды. Күй кеші – көңіл кешіне айналып, күндіз байдың малын баққан, шөбін шапқан, малын сауған еңбек адамдарының бейнет басқан еңселерін бір көтеріп тастайды. Шалдар басын шайқап, кемпірлер ауыздарын сылп еткізіп, өздерінің ризалықтарын, таң - тамаша қалғандарын әрқайсысы өз бойында бар сезімдерімен білдіреді.

Осы бір көпшіліктің ішінде артықша ықыласпен тыңдап отырған, қаққан, басқан қолдарына бірдей қарап көзін айырмай, күйлердің ара - арасындағы әңгімелерді аузының суы құрып тыңдап, күйшінің бір қозғалысын қалт жібермей аңдып отырған бала жігіт Құрманғазыға Ұзақтың қырағы көзі түседі. Ауыл адамдары тарап, өзді - өзі қалған кезде Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Жас талапкер Ұзақтың өз Ақжелеңін бір тартқаннан қағып алып, бұлжытпай қайта орындап береді. Өзінің жорамалы жөнге келгеніне қуанған Ұзақ Құрманғазыға ақыл айтады, оның домбырашылығының болашағы айтарлықтай мол екенін баяндайды. Әрине, қойшылықты «құдайға тапсырып», домбырашылыққа белді бекем буып біржолата шық деуге Сағырбайдың үй тұрмысын көре тұра батылы бармайды. Ал Құрманғазы болса күйші қарттың сөзіне недәуір көтеріліп, домбырашылық болашағына сенім жамалып, әкесінің домбыраға деген көзқарасынан туып, соңғы кезде қатты қобалжытып жүрген ойдан мүлде арылып, алған бетінің дұрыстығына көзі әбден жетпесе де, біраз демеу алады. Бірақ жаратылысынан жаңғалақтығы жоқ мінез, аса да қоймайды. Сонда да жас талапкердің ой - ынтазары енді домбыра дүниесіне мүлде ауып, жатса - тұрса да енді домбырашылық арман алдынан кесе тартыла береді. Бұл қиял, бұл арман көлеңкедей көлбең қағып, Құрманғазының соңынан қалмай қояды.

Енді қойшы Құрманғазының бұрынғы ұқыпсыздығы аз болып, көбіне қойларын жаймай, малшының гипнозды айқайы арқылы тас қылып иіріп қойып, күннің көбін домбыра тартумен өткізеді.

Құрманғазының бұл сияқты мал бағудағы «жаңалығы» тағы жұрт көзіне түсе бастайды. Бірақ өмірінің шын мәнісін, өзінің бар болашағын күйден ғана көрген Құрманғазы – бұл алған бетінен қайту ойынан аулақ болады. Бұрынғыша қойшылықты тән азығы, домбыраны жан азығы етіп жүре береді.

Бұл кезде Құрманғазының жасы он бес - он алтыға келеді. Айналаға ақыл көзімен қарап, өзі жүрген ортасының жағдайын білуге тырысады. Бала жасынан көрген қорлық - зорлығын, малшы - жалшылардың адал еңбегін жеп, ақыға ең шетке шығарған қотыр, арық-тұрақтарын ғана беретін байлардың озбырлығын есіне алады. Өмірдің осындай жақтарының небір қайшылық, қым - қиғаш, шытырмандарының сырын ашып, сұмдық негізінің неде екенін жете біле алмаса да, өзінің ой - өрісі жеткенінше, өмірден алған сабағының нәтижелеріне сүйене отырып, айналаға сын көзімен қарауға беттейді. Бұл сияқты жүгенсіздікке, бұл сияқты әділсіздікке, дүниеқұмарлыққа қарсы өзінше жол, шара іздейді.

Ойланып - толғанып ондай жол тапқандай да болады...

Бір күні қызыл өгіздің үстіндегі ерді сыпырып алып, он сегіз жыл бойы әкесінің еңбегін жеп келген Байбақты Ақбайдың Әубәкірінің алалы жылқысына қарай маңдайды түзейді. Мидай далада алысқа көз жіберіп қырағыланған Құрманғазы Әубәкірдің «ортасы шұқырайып»



жатқан көп жылқысының өрісін танып, жаяу тарта береді. Жылқышы жоқ шеттен келіп, үркіпесін деп дыбыстап, ай жарығын пайдаланып, ішінен Қалбаң құлақ қара ат дегенді аяқ тұзақпен ұстап алады. Қаншама асау болғанымен Құрманғазының әлді қолы қос құлақтың түбінен тигенсін ат ешқайда бара алмайды. Ерттеп мініп, салып отырып аулына келіп, болған істі әке - шешесіне баяндап қош айтысып кетіп қалады.

Құрманғазы бұл ісін – әлдінің әділсіздігінің есесін қайтару деп түсінеді. Басқа өзінің замандастары, тұстастары, пікірлестері сияқты бұл да кек алудың, қарызды қайтарып алудың жалғыз жолы осы деп білетін. Өзінің аяғы, көзі, көңілі жетер жерде бұдан басқа ақының, малдың есе - кегін алу жолын көрген де емес еді. Ал, бұл баяндалып отырған жол болса, ол қазақ даласында «барымта» деп ат қойылып, айдар тағылып, тарихи кітаптарға, заң жинақтарына аса қауіпті қылмыстардың бірі болып енген - ді. Барымтаның ата - баба салтында, шариғатта күнәлі істер тізбегіне жататын қимыл екенін бұрын - соңды есітсе де Құрманғазы ондай «қылмыс жыраларынан» аттап өтуге бел байлады. Өйткені ол жас кезінен - ақ «ата жолы», «әруақ», «шариғат» дегендерге күмәнді көзбен қарайтын.

Әрине, Құрманғазының бұл «сотқарлығы» Сағырбайға оңай тиген жоқ. Шағбаланың қойының соңына Құрманғазының орнына салып қойған жерден Байғазыны Әубәкір алып барып өзінің қойын бақтырып қойды. Сағырбайға енді бұл арадан қоныс аудару керек болды. Амалсыздан Азғырға қарай ауысып, ішінен: «түбі осындайға бір соғарын біліп едім» дегендей Құрманғазының ісіне қынжылды. Құрманғазы үшін бұл тек «сотқарлықтың» басы болды.

Кейін күйшінің соңына «ұры», «қары» деген атақтар тағылды, кейбіреулер арқылы ондай тұжырымдар біздің заманымыздың баспасөз беттерінен орын алып, Құрманғазының өмірбаянына дақ түсіре жаздап барып қалды. Ол жөнінде алдымызда айтылады.

Құрманғазы қойшылықпен «ат құйрығын кесіп» енді өзінің сүйікті өнері – музыканың соңына біржолата түседі. Баяғы қызыл өгіз мініп жүрген кездегі домбыра енді Қалбаң құлақ қара аттың ерінің қасына ілінеді. Көп уақыт іздеп алғаш «бата берген» Ұзақ қартты тауып алады. Қарт күйші жас талапкерді құшақ жайып қарсы алады. Құрманғазы Ұзақпен бірге ел кезіп, домбыра тартыстың небір базарларында болып жүреді. Бөкей өңірінде аттары жайылған домбырашылар Соқыр Есжан, Шеркеш, Жаппас Байжұма, Байбақты Баламайсанның күйлерін үйреніп, жүрген жерлерінде олардың нешебір варианттарын есітіп, бірінен - бірі сұлу күйлерді репертуарына енгізе береді. Ауыл шалдарынан ауызданған күйші енді көп жерге аты белгілі бола бастайды.

Ұстазымен ел аралау арқылы өмір практикасы да жамалып, байып, айналасына деген көзқарасы да неше алуан өзгеріске ұшырайды.

Күйлердің тарихынан музыканың тек ермек үшін емес екенін әлдеқашан сезген Құрманғазы өзінің осы бір өнерін ел кәдесіне жаратуға тырысады, арман етеді.

Орындаушылық жағынан пісіп қалғанының үстіне Құрманғазының басқа домбырашылардан айырықша көзге түсетін тағы бір қасиеті көріне бастады. Ол бұл кезде қабырғасы қатып, бұғанасы бекіген ер жігіт болды. Жастайынан жеген тұрмыс таяғы оны қанаушыларға іші жылымастық қалыпта ержеткізді.

Енді Құрманғазы көзі көріп тұрған әділетсіздікке «көлденеңнен келген көк атты» болып қарап, тек қынжылып қоюды – жағдай желіне ығу деп түсінді. Тап тартысы тарихын кітаптан оқып қанігі болатын жағдайдан жұрдай болса да, өзінің өмірден алған сабақтарының нәтижесінде, айналадағы болып жатқан оқиғаларға, қоғамдық құбылыстарға басқа көзбен қарайтын болды. Әрине, ол оқиғалардың, құбылыстардың түп негізін, қозғаушы себептерін айыруға, талдауға Құрманғазының әлі де шамасы келмейтін. Солай бола тұрса да, жаратылысынан өр мінез, бірбеткей болып өсіп, бері өмір талқысынан бунтарлық жолға бұрылған Құрманғазы өз тұсында көрген жолсыздықтарын, зорлық - зомбылықтарын «құдай ісі» деп «тағдырға мойнын ұсынып» отыруды лайық таппады.

Ердің қасындағы домбыра мен иыққа асынған ақауыз мылтық – Құрманғазы күш пен көркемдік иесі екенін ыспаттайтын. Оның үстіне осы әңгіме болып отырған кездерде Бөкей хандығында болған қанды оқиға – күйшінің идеялық бағытына сілтеу беріп, күннен күнге қарасы жақындай түскен күрес майданында мылтық та, домбыра да ер қарулары екендігін ескерткендей болды. Олай дейтініміз – осы бір шамада күй қоры молайып, техникасы шыңдалғандай болған кезде Құрманғазы өз жанынан күй шығару талабына көшіп, творчестволық қанатын қомдана түсіп еді. Он тоғызыншы ғасырдың отызыншы жылдарының аяқ кезінде Бөкей хандығында үлкен етек алған шаруалар көтерілісі болды. Көтеріліс феодалдық және патшалық езгіге қарсы шықты. Хан және оның туысқандары сұлтандар егістік, шабындық жазғы және қысқы жайылым жерлердің жақсыларын шаруалардан тартып алды.

Балық аулауға, тұз қазып алуға тыйым салды. Тіпті, суаттардың басында да өздерінше «тәртіп» орнатып, бұқараны жан - жақтап қысты. Осының бәрі еңбекші шаруалардың наразылығын күшейтіп, ақыры кең жайылған көтеріліске келіп соқты. Көтерілісті бастаған Байұлы ішінде Беріш Исатай Тайманов пен оның жан жолдасы, жалынды ақын Махамбет Өтемісов болды.

«Бүкіл дала үрей ұшарлық толқуда, бәрі де Исатайдың соңына ерулі» деп жазды подполковник Геке, Орынбордың генерал - губернаторына. Гекенің бұл қауіпі орынды болатын. Өйткені Исатай - Махамбет бастаған көтеріліс тек Жайық өзенінің оң жақ бетімен тынған жоқ, тіпті, Үстіртке қарай шығып кетті. Бұл жөнінде архивтік және баспасөз бетінде жарияланған деректер айғақ бола алады. 1838 жылдың июлінің 9 күні Бөкей ханының айналасына бүйрегі бұра жүретін Сарықұл Жайлауов деген старшина Жәңгірге жазған хатында: «Сағыздың басынан Көтібар, Арыстан, Достан бастаған 2800 қол Исатайға келіп қосылыпты», – деп хабарлайды.

Көтерілістің өртінің көп жерге жайылғанына, әрине, бұдан басқа да көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Көтеріліс шеңберінің бұлай кеңейіп Бөкей хандығы аумағынан шығып бара жатқанына қауіптенген хан Жәңгір Исатайға кісі жіберіп, «сөйлесем» деген болып, сырттан жәрдем күтіп күн өткізеді, уақыт ұтады. Жәңгірдің ол айласы орнынан шығып, көп ұзамай Хан-Ставкасына жоғарыда аты аталған Гекенің басқаруымен жазалаушы отряд және Орал Казак Әскери бөлімі келіп жетеді. Зеңбірекпен қаруланған бұл әскер тобы әлсіз қарулы көтерілісшілерді тез тоздырып, таратады. Көтеріліс басшысы Исатай 1838 жылы 12 декабрь күні Ақбұлақ тұсында болған ұрыста қаза табады.

Исатай көтерілісі қазақ тарихында үлкен роль ойнады. Қарулы күшке төтеп бере алмай ыдырап көтеріліс басылғанымен, ол оқиға халық санасында ізсіз - тозсыз қалмады. Әсіресе, көтерілістің тарихтық аса бір зор мәні – ол халықтың елі қайсы, жауы қайсы екенін тар жол тайғақ кешуде танытты. Кейбір кезеңдерінің сын көзімен қарайтын жақтары болғанның өзінде, Исатай көтерілісі Қазақстанда ұлт - азаттық көтерілісі тарихының айта қалғандай оқиғасы болды дей аламыз. Өйткені көтеріліс өрті сөнгенімен оның қалған «шалаларының» көңірсіген иістері хан ордасындағылардың мұрындарына барып, тыныштықтарын бұзып, үрейлерін ала берді.

Сондықтан Орда айналасындағылар бұрынғыдан да гөрі еңбекші шаруаға тістерін қайрай түсті. Исатай көтерілісі басылғаннан кейін хан, сұлтандар, билер бұхара халықты қатты қысымға салды. Олар Исатайға ергендердің бәрінен де кек алу жолына шықты. Ал Құрманғазы шыққан Қызылқұрт руы болса ол тегісінен дерлік Исатайға ерген болатын.

Сондықтан бұл руға барлық ыза-ашулары басқадан артығырақ төгілді. Ханның атарман - шабармандары көрінген нәрсені сылтау етіп Қызылқұртқа маза бермеді. Бұл руға түскен алым - салық уақытынан кішкентай да болса кеш төленсе, қасақаналық жағы бар деп ойлап, үнемі сенімсіздік көзбен қарады. Бұл руды басқарушылар да сылтау табылса - ақ бұл руды жамандап Уақытша совет және басқа жоғарғы орындарға қағаз түсіріп отырды.

Тіпті, ру басқарушыға біртабан жақын тұратын Қызылқұрттың старшиналары да әкімдерге сенімін жоғалтып жүрді. «Қызылқұрт руының старшиналары маған бағынбайды, зекет, соғым жинау пландарын орындамайды», – деп жазды сол кезде Қызылқұрт руын билеуші хорунжий - сұлтан Уақытша советке.

Әрине, Қызылқұрт старшиналарының Уақытша советке сенімсіз болып қалатын басқа жағдайлары да болды. Архив деректерінде, Қызылқұрт старшиналарын жиі - жиі орындарынан түсіріп отырғандықтары кездесе береді және бұл жағдай ұзақ жылдарға созылады. Осыған қарағанда, Қызылқұрт руы Исатай көтерілісінен кейін де көп жылдар тізе бүкпеген болу керек. Жоғарғы әкімдердің бұл руды қыспаққа ала беруі дәлелсіз болмау керек дегіміз келеді.

Ел аузындағы толып жатқан әңгімелер бойынша Құрманғазы Исатай көтерілісіне қатысады. Күйшінің өмір жолынан көптеген бағалы деректер берген адамдардың, қасына ерген шәкірттерінің айтуларынша да осы пікір қосталады. Жоғарыда баяндалғандай бүкіл Қызылқұрт руы Исатайдың соңынан ергенде, Құрманғазы сияқты езуші тапқа қарсы ерте атқа мінген ер жігіт қалай қарап қалады деп те ойлайсың. Ақысын дұрыс бермейтін байдың малын барымталауға жалғыз жүріп - ақ жастайынан белсеніп шыққан, таптық сезімі ерте оянған Құрманғазы мына сияқты оқиғаға қалай «құрғақ куә» есебінде қалып қояды деген ой тағы келеді.

Бұл айтылғандарға қосымша жалпы Қызылқұрт руының, оның ішінде Құрманғазының өмір бойы Уақытша советтің, Орал Казак Әскерінің, Астраханның облыстық заң орындарының, Орынбор Шекаралық Комиссиясының және Орынбор генерал - губернаторының «әдейі бақылауында» қалып қоюы да, біздіңше, жайдан - жай көрініс емес сияқты. Жоғарыда аты аталған Н.Савичевтің «Мен Сағырбаевқа Оралға келіп көпшілік алдында концерт берсең қайтеді дегенімде, ол қолын сілтеп,

– Мен Оралда ойнауға қорқамын, онда біржола қалдырып қоюы мүмкін, – деді» дегені де Құрманғазының әкімшілік орындары алдында «аса қауіпті» адамның бірі болып саналғандығын, тіпті, жас ортасына 2 Уақытша совет – хандық жойылғаннан кейін Бөкей ордасын билеуші орын. келгенінше күйшінің Орал не басқа қалаларға баруға сене алмағандығын дәлелдейді, бұл жөніндегі ауызша пікірлерді расқа шығарады.

Исатай бастаған шаруалар көтерілісінің қару күшімен басылуы, Исатайдың еркіндік жауларының қолынан қаза табуы, көтеріліске қатысқан рулардың ұзақ уақыт қудалануы Құрманғазының қанаушы тапқа деген көзқарасын қайтпас қаталдыққа аударады. Көтерілісті қару күшімен басқанымен алапат халық күшін ешбір әкімшілік, жазалаушылық шаралармен тойтара алмайтынына көзі жеткендей болады.

**А.ЖҰБАНОВ,**
**академик.**

(Жалғасы бар).

## Бөрібай батырдың 330 жылдығына арналған Волейболдан аудандық ардагерлер арасындағы жарысының Ережесі




***Мақсаты мен міндеттері***

- Ауданда волейбол ойынын насихаттау;
- Спорттық шеберлікті жетілдіру;

***Жарысты басшылыққа алу***

Жалпы басшылық ұйымдастыру комитетінде. Жарысты тікелей өткізу, Ақсу ауданының бұқаралық - спорттық іс-шараларды өткізу орталығының тағайындаған төрешілер алқасына жүктеледі. Бас төреші Барменбеков Асқар.

***Өтетін жері және мерзімі.***

2024 жылдың қыркүйек айының 13-і күні, Ақсу ауданының Агротехникалық колледжінің спорт залдарында және Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің спорт залында өтеді. Жарыстың салтанатты ашылуы қыркүйек айының 13-і күні, сағат: 9.00-де.

***Жарысқа қатысушылар және ойын тәртібі.***

Жарысқа ауылдық округтері тұрғындарынан құрылған командалар қатысады. Ойыншылардың жасы: алаңда 4 ойыншы 60+; 1 ойыншы 50+; 1 ойыншы 45 + болуы тиіс. Әр команда құрамы 8 адам.

Қандай да шешім табылмаған сұрақтар немесе командалардың бір-біріне деген арыз, өтініштері болса жазбаша түрде ойыннан кейін 30 минут ішінде жарыстың бас төрешісіне команда өкілі беруі керек. 30 минуттан кейін берілген арыз, өтініштер қаралмайды.

***Марапаттау.***

Жүлделі орын алған командалар кубоктар, медальдар, ақшалай қаражатпен және үздік ойыншылар Мақтау қағаздарымен марапатталады.

***Қабылдау шарты.***

Жарысқа қатысушылардың өздерімен бірге жеке куәлік, команда сұранысы болуы міндетті. Жарысқа қатысу үшін тікелей өтініштері тиісті формаға сай жарыстың бас төрешісіне өткізіледі. Әр команда біргелкі спорт формасымен, ойын добымен қамтамасыз етілуі тиіс және 1 төреші болуы міндетті. Команда шығындары (жол, тамақ) өз есебінен.

***Байланыс телефондары: 87022522228, А.Сауғанбаев.***

## Бөрібай батырдың 330 жылдығына арналған аудандық Тоғызқұмалақ жарысының Ережесі




***Мақсаты мен міндеттері.***

- Ауданда ұлттық спорты ойынын насихаттау
- Спорттық шеберлікті жетілдіру

***Жарысты басшылыққа алу***

Жалпы басшылық ұйымдастыру комитетінде. Жарысты тікелей өткізу, Ақсу ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының тағайындаған төрешілер алқасына жүктеледі. Бас төреші Алипов Саян.

***Өтетін жері және мерзімі.***

2024 жылдың қыркүйек айының 13-і күні Ж.Сыдықов атындағы орта мектебінің спорт залында өтеді. Жарыстың салтанатты ашылуы қыркүйек айының 13-і күні, сағат: 9.00-де.

***Жарысқа қатысушылар және ойын тәртібі.***

Жарыс ашық біріншілік тәртібімен өтеді.

Қандай да шешім табылмаған сұрақтар немесе командалардың бір-біріне деген арыз, өтініштері болса жазбаша түрде ойыннан кейін 30 минут ішінде жарыстың бас төрешісіне команда өкілі беруі керек. 30 минуттан кейін берілген арыз, өтініштер қаралмайды.

***Марапаттау.***

Жүлделі орын алған командалар кубоктар, медальдар, ақшалай қаражатпен марапатталады.

***Қабылдау шарты.***

Жарысқа қатысушылардың өздерімен бірге жеке куәлік, сұранысы болуы міндетті. Жарысқа қатысу үшін тікелей өтініштері тиісті формаға сай жарыстың бас төрешісіне өткізіледі. Команда шығындары (жол, тамақ) өз есебінен.

***Байланыс телефондары: 87022522228, А.Сауғанбаев.***

# КҮНДЕЙ КҮРКІРЕП, АЙДАЙ ЖАРҚ ЕТІП ӨТКЕН ҒҰМЫР

*(Эссе)*



Сынаптай сырғып бара жатқан қайран уақыт қандай жылдам. Таң атса, күн батады, күн шықса таң атады. Айлар асығып, жылдар тоқтаусыз жылжып жатқандай. Алайда ғибратты ғұмырын ізгілікке арнаған жандардың өз заманындағы қарымы мен қалыбы, дарыны мен танымы ұмытылмақ емес. Солардың бірегейі өмір сүрген дәуіріндегі оқшау, одағай көріністерге күндей күркіреп қараса, адамдардың жалқы мен жалпы сипатымен, шәкірттерінің сан қырын аша білген, мейірім шуағын төгіп, айдай жарқ етіп, ғибратты ғұмыр кешкен ұлағатты ұстаз Кеңсаба Омаров еді.

Иә, кең кеуделі, жылы жүректі жан ешқашан шалқып – тасуды, біреуді жоғары, біреуді төмен санауды жаратпайтын, кісілігі мен кішілігі бірдей ол – ақынжанды, ол – тілші, ол – ұстаз, ол – қоғам қайраткері, сегіз қырлы бір сырлының нақ өзі, атпал азамат болды. Енді бұл сөзіміздің дәлелі ретінде Кең ағаның сабырлы, саналы өткен өміріне саяхат жасап көрелік.

Зымыран уақыт қандай жылдам десек те бәрі күні кешегідей көз алдымда болған осы бір оқиға ешқашан ұмытылмақ емес. Бұл сонау 1968 жылдың тамыз айы еді. Аудандық газет Ленин көшесінің (қазіргі Тәуелсіздік көшесі) бойындағы барақ үйге орналасқан. Түс мезгілі жақындап қалған. Бір сәт газет қызметкерлері абыр – сабыр болып, үстел, орындықтарын реттеп, Кеңсаба аға келеді деп жатыр. Әлден уақытта қара костюм – шалбар киген ақ жейделі аңқылдаған бір аға кіріп келе жатты. Жігіттер орындарынан партада отырғандай тік тұрып қарсы алып, жапырлай амандасып жатыр. Іштеріндегі ең жас корректор мен де жүрмін. Жүзі жадыраған жаздай, нұрлы шуағын жан – жағына төгіп тұрғандай. Бізге үлкен аға болып көрінетін газет қызметкерлері, редактордың орынбасары Қасен, жиырма жасында редактор болған Тұрсынзада ағаларымыз, тілшілер Ахмет, Сағынболат, Болат, Нұрғали, Жеңіс ағаларымыз бала сияқты құрақ ұшып жатыр. Емен – жарқын әңгімелесіп отырған ағай әлден уақытта маған да қарап, жасың нешеде, – деді. Мен он тоғыздамын дедім. Әлгі комитетке жібереміз деп жүрген бала осы ма, – деп жігіттерге қарады. Иә, осы бала, сырттай оқуға жібереміз деп жатыр. Жаңағы аға мені баяғыдан танитын адамдай ішіне тартып, мақаланы қалай жазу керек, оған табандылық пен көп оқу керектігін айтуда. Арасында менің тілдей, тілдей ғана жазып жүрген мақалаларымды оқып жүргенін, бұдан бұлай үлкен, үлкен мақала жазудың жолдарын тәптіштеп түсіндіріп жатыр. Міне, менің ағамен таныстығым осылай басталды. Сөйтсем Құдаш Мұқашев, Шәкен Күмісбаев сияқты атақты жазушылар дүлділ ақын Тұрсынзада Есімжанов, жоғарыда аталған тілші жігіттердің барлығы Кеңсаба ағамыздан білім алған шәкірттер екен ғой. Әдебиетші ағаның комитет деп жүргені аудандық радио хабарын тарату комитеті болатын. Көп ұзамай мені Кең ағамыз айтқан комитетке редакторлық қызметке ауыстырды. Сөйтіп, ағамыздың дуалы аузынан шыққан сөзден кейін радио хабарын тарату редакциясының ең жас жиырмадағы редакторы болып, қызметке сол ағалардың ақыл – нұсқауларымен мықтап кірістік.

Енді кемшілікке "Күндей күркіреп, жақсылыққа Айдай жарқырайтын" Кең ағамыздың өмір жолын кейінгі жастар да біліп жүрсін деген ниетпен кеңінен тоқталып өтейік.

Әуелі бастауыш мектептің үшінші класын Алматының №38 мектебінен бастайды. Үлкен әпкесі Жәмилә, ағасы Әбдікәрім ауыл баласының сағынышын басу үшін сабағын қадағалап, бос уақыттарында қаланы аралатып, оның сабаққа деген ынтасына, үлкенге деген кішілігіне риза болып жүретін. Бала кезінен – ақ әдеби кітаптарды көп оуға әуестігі де қуантатын.

Осылайша 1927 жылы 27 желтоқсанда Қаракөз ауылында өмірге келіп, бастауышты Алматы қаласында бастаған ол, ержетіп, есейіп 1946 жылы Қызылорда қаласындағы Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі және әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, 1951 жылы жоғары білімді педагог болып аяқтайды. Жас ұстаз әуелгі еңбек жолын Жалаңаш ауданындағы Мақпалкөл мектебінде бастайды. Еңбек жолдамасымен барған ұстаздың екі жылдық мерзімі аяқталған соң туған жерге оралып, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке орналасады. Қиыны мен қызығы көп ұстаздықтың ұзақ жолындағы ащы мен тұщының дәмін қатар татқан жас ұстаз шыңдала отырып, қиындықтан қаймықпады. Қайта білімділігі мен білгірлігінің арқасында үлкенге ізетті іні, кішіге іптипатты аға болды. Шәкірттерінің ой – санасын оятып, жүректеріне жол тауып, әдебиетке деген құштарлықтарын арттырып, шығармалар жаздырып, әдебиет үйірмесін ұйымдастырып, қабырға газеттерге оқушылардың мақалалары мен өлеңдерін жариялап, көпшілікті қызықтырып, елең еткізіп жүрді. Олардың кейбірін аудандық газетке шығарып, оқушылардың шығармашылыққа деген ынталарын, қызығушылықтарын арттырып отырды. Кейіннен осы шәкірттерінің арасынан «Қазақстан Жазушылар одағының» мүшелері, атақты жазушылар, ақындар, журналистердің шығуына Кеңсаба ағаның ықпалы аз болған жоқ. Өмірінің соңына дейін тығыз байланыста болған шәкірттері ешқашан ұстаздарын ұмытқан емес.

Есейіп ел таныған шағында ауыл белсенділері ұлағатты ұстазды қоғамдық саяси жұмыстарға тарта бастады. Ол өзі тұрған Жаңақоғам совхозындағы саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі болды. Ауылдағы барлық мекемелер мен ұйымдармен, еңбек адамдарымен, ел шеті, жел өтінде жүрген диқандаар мен малшыларды аралап, еліміздегі саяси тұрақтылық жайлы, ауыл экономикасын көтерудегі ауыл, аудан тарапынан атқарылып жатқан игі істерді насихаттап, басқа да тақырыптарда саяатты әңгімелер өткізіп жүрді. Осындай нәтижелі жұмыстар өз жемісін беріп, «Білім» қоғамының төрағасы болды. Бұл істе де берекелі еңбегі жарқырып көріне бастады. Енді ұстаздың іс – тәжірибесі арнайы плакат болып шығып, аудандық, облыстық газеттерге басылып, өзгелерге үлгі ретінде таратылып отырды. Осылайша білгір ұстаздың еңбегі жанып, методикалық іс – тәжірибесінің деңгейі артып, кеңейе түсті. Қоғамдық саяси – ағарту жұмыстары оның ұстаздық еңбегіне де мол пайдасын тигізді. Ол қоғамдық жұмысты ұстаздық еңбегіне тығыз байланыстырып, оған шәкірттерін де тартып отырды.

Нәтижесінде «орыс кластарындағы қазақ балаларына қазақ ттілін оқыту тәжірибесі», «Жыр дүлдүлі – Ілиястың мектебі», «Правалық тәрбиені дамыту» және басқа да қырықтан астам ғылыми – методикалық еңбектері, зерттеу мақалалары республикалық «Қазақстан мұғалімі», «Коммунист» журналына, облыстық, аудандық газеттерге жарияланды. Аталған ғылыми еңбектері аудан, облыс, республика көлемінде педагогика саласындағы тың жеетістіктер болып саналды. Міне, ұстаздың ғибратты ғұмырындағы шығармашылық әлемі осындай. Шыққан шыңы десек – ол екінің бірі ала алмайтын КСРО және Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері атағы.

Бұл кішілік пен кісілікті қатар алып жүре білген, қиястыққа Күндей күркіреп, қуанышқа Айдай жарқ етіп өткен ұлы ұстаздың ғибратты ғұмыры нақ осы.

**Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», «Ұзақ Бағаев» атындағы сыйлықтың иегері.**

# "БЖЗҚ" АҚ көрсеткен қызметтер саны 2024 жылдың 6 айында 26 миллионнан асып түсті

01.01.2024 ж. бастап 30.06.2024 ж. дейінгі уақыт аралығында "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 26,3 млн. астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 11,4 млн астамы электрондық форматта көрсетілсе, 14,0 млн. қызмет автоматты түрде, шамамен 0,33 миллионы қашықтықтан жүзеге асырылды. Күндізгі форматта 578 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 554 мың қызмет ұсынылды.

Өздеріңізге белгілі, БЖЗҚ цифрлық форматта көрсетілетін қызметтер тізбесін үнемі жаңартып, кеңейтіп отырады. Тиісінше, салымшылардың Қор кеңселеріне бармай-ақ алатын қызметтер саны өсуде. Оның ішінде, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу. Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қорбалаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі. Қызметтердің көп түрі, оның ішінде, шоттарды автоматты түрде ашу, кәмелетке толмаған азаматтарға нысаналы талаптарды есептеу және ЖМЗЖ сомаларын есепке алу БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялануының арқасында мүмкін болып отыр. Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашылған ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (НЖШ, "Ұлттық қорбалаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 4,4 млн. біріктен асты.

Сервистерді цифрландырудың арқасында БЖЗҚ салымшыларына жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ, нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірмелер алу қызметін пайдалану өте оңай, әрі тез. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 12,9 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның ішінде 10,3 млн. үзінді көшірме электронды түрде және шамамен 2,2 млн. автоматты режимде рәсімделді.

БЖЗҚ сайттағы және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер әлемнің кез - келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы есепті кезеңде деректемелерді өзгертуге 110 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 99,5 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңестер ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында шамамен 20,8 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 440,9 мың адам қатысты. Олардың барлығы жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы сұрақтар қойып, мамандардан білікті кеңестер ала алды. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 20,3 мың материал жарияланды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 330,7 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез - келген компания Қор кеңсесіне барып, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

**Мәди БАЙДҮЙСЕН,**
**«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ САПАЛЫ ЖАҢҒЫРТУ

Мемлекеттік қызметтің беделі ол халықтың билікке деген сенім білдіру деңгейі және мемлекеттік органдардың басқару қызметін бағалауы. Халық алдындағы басты міндет – жұртшылықтың талап-тілегін ескеретін, қоғамның сұранысына толыққанды жауап бере алатын ашық, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

Мемлекеттік қызметші әділетті, ар-ожданы биік, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерін заң шеңберінде шешуі басты талап.

Мемлекеттік қызметшіге жүктелген міндет - Отанды дамыту мақсатында адал қызмет ету және халықтың сенімін ақтау. Ал, мемлекеттік қызметшінің халық үніне құлақ асатын, қоғамның сұранысына толыққанды жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті білгір маман иесі болуы қажет. Сондықтан, мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметке іріктеу жауапты әрі маңызды жұмыс.

Азаматтар үшін мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімі барынша ашық жүргізіледі. Яғни, мемлекеттік қызмет саласына жұмысқа орналасу тәртібі бойынша мемлекеттік лауазымға бекітілген біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері мен денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті азаматтар қабылданады.

Ал, мемлекеттік лауазымға тағайындалу бірнеше кезеңнен тұрады: "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеу тәртібі; "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуден өту, бұл кезеңде болашақ қызметшінің жауабындағы ашықтылық пен шыншылдық деректерінің деңгейі 50 пайыздан кем болмауға тиіс, эссе жазу және мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өту.

Мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімін жеңілдету, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Е-қызмет» жүйесін жаңғыртылып, осы жүйенің сыртқы порталында мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі дайындалды және конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды.

Жаңа формат үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа, барлық кезеңдерде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. Адами фактордың ықпалын болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде дербес деректерді құпияландыру, анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында үміткерлер ID нөмірленеді және тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етіледі.

Конкурс рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды: "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеу тәртібі (Тестілеу жүргізілетін нормативтік құқықтық актілердің саны екі есеге, яғни 9-дан 4-ке дейін қысқартылды); "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жеке қасиеттерін бағалау; мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау; эссе жазу; мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесуден өту.

Жаңа іріктеу жүйесі 2023 жылдың 1 наурызынан бірқатар мемлекеттік органда сынақтан өткізіліп, бүгінгі күні ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына іріктеу мен орналасуға конкурс өткізудің жаңа форматы 50 мемлекеттік органда жүргізілуде. Болашақта іріктеудің осы жаңа жүйесі барлық мемлекеттік органдарға енгізіледі.

Сонымен бірге, еліміздегі әр өңіріндегі мемлекеттік органдардағы бос лауазымдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайтында (www.gov.kz) орналастырылады. Егер, үміткер тестілеуден сәтті өткен жағдайда аталған сайтқа кіру арқылы өзіне қажетті бос лауазымдармен танысып, мемлекеттік органдарға құжаттарын жолдай алады. Бүгінде мемлекеттік қызметке кіру үшін кандидаттарға электронды түрде құжаттарын тапсырып, әңгімелесуге онлайн түрде қатысу мүмкіндігі берілген.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жастарға үнемі үлкен сенім білдіреді. Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызмет саласына білікті әрі талантты жастарды тарту бойынша тапсырмасын орындау аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен жаңа тәсілдер әзірленді

Осы тапсырмаға байланысты мемлекеттік грант аясында жоғары оқу орындарын жақсы нәтижемен (GPA 3,33–тен жоғары) аяқтаған түлектер бір жылдың ішінде аудандық, ауылдық деңгейдегі төменгі және басшылық емес лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындалу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл бағыт білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауыл–дық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдетіп отыр.

2023 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарын грант арқылы оқып, үздік нәтижемен аяқтаған 18 жас түлек Жетісу облысының мемлекеттік органдарына конкурссыз қабылданды.

Бұл бастама еліне қызмет ету жолында өзгерістердің бастауы бола алатын жастарға барынша қолдау көрсету болып табылады. Еліміздің жастары - білімді, алғыр, инновациялық ойлай алатын маман ретінде мемлекеттік қызмет саласында мемлекеттік қызметші келбетіне сай жаңа буын болып қалыптасуда.

Мемлекеттік қызмет саласына келетін әрбір азамат елге қызмет етудің маңызды ерекшелігін саналы түрде сезініп, халқымыздың игілігі жолында әрқашан адал ниетімен еңбек етуі қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің жоғары құндылықтарды ұстануы өзінің ішкі ерік - жігерімен, қалауымен орындалса ғана саналы өзгеріс іс жүзінде орын алмақ. Ал, саналы өзгеріс – мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болмақ.

Мемлекеттік қызметші билік пен бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Ал, халықтың жергілікті билікке деген сенімі артып, мемлекеттік қызметшілер адалдық пен жауапкершіліктің биігіне шыға білгенде ғана екі арадағы көпірдің ел игілігі үшін тиімді болатыны ақиқат.

**Б.ШАРИПОВА,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлық ел дамуына кедергі келтіретіні анық. Қоғам арасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесін алдын алу мақсатында мәдениет саласында да ай сайын жоспарға сәйкес шаралар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, Суықсай ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен салдары», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - ортақ міндет» тақырыбында дөңгелек үстел, сұрақ - жауап ұйымдастырылды. Бұл шараларда жемқорлықтың қоғам үшін, адамзат үшін келтіретін ең басты зияны айтылады.

Қоғамда мұндай кеселдің орнығуы, қалыпты жағдайға айналуына азаматтардың болашаққа деген сенімін әлсіретеді. Жекелеген сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес ұтымды жүргізілгенімен, егер сыбайлас жемқорлық үшін негіздер жойылмаса, оның нәтижелері уақытша ғана тиімді болмақ.

Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын анықтау мен жоюға бағытталған жүйелі жұмысты жолға қоюдың маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингтердің көшбасшылары қатарында тұрған елдердің тәжірибесі адал өмір салтын, азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы моделін, дұрыс, заңға мойынсұнушылық мінез - құлық стереотипін қалыптастыруға бағытталған профилактикалық шаралар шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

**А.ЧЕМОМБАЕВА,**
**Суықсай ауылдық мәдениет үйінің директоры.**

# АҚСУ АУДАНЫНЫҢ "ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫНЫҢ" БІРІ – БӨКЕЙХАН СӘРСЕМБАЙҰЛЫ 75 ЖАСТА!

Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" Бөкейхан Сәрсембаев 75 жаста!

Жетпіс бес жас бүгінгі,
Құтты болсын кеп жеткен,
Шаттығына бөлесін,
Күндеріңіз нұрлы еткен!
Бар жақсыны тілейміз,
Аман болып жүріңіз!.

Сәрсембаев Бөкейхан Ақсу ауданында көп жыл бойы еңбек еткен азамат. Қай салада болса да жұмысына тиянақты, адал, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білген. Адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп, зейнетке шыққан. Көп жылғы еңбегі бағаланып, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағын алған. Жары Құсмолдина Нұрша Баянқызы екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген. Ұлдары, қызы бәрі жоғарғы білімді, білікті мамандар. Қызы Маржан Алматы қаласында үлкен қызметте. Ұлы Біржан - кәсіпкер, жұбайы Меруерт жоғарғы оқу саласында қызмет етеді. Бауыржан Астанада үлкен қызыметте. Жұбайы Бота жоғарғы білімді маман. Немерелері Қуаныш, Алишер, Аружан жоғарғы білімді, әр салада қызмет етіп жатыр. Екі немересі - Жанель, Мәриям мектеп оқушысы. Әр адамның өміріне үлгі тұтар тұлғасы болады, туыс, жақындарыңыз, достарыңыз арасында қадірлі болып жүре беріңіз. Ағайынның ақсақалы - өзіңіз, тебіреткен батаңыз да, сөзіңіз. Жүзге келіңіз.

Тілейміз біз таусылмайтын төзімді.
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді,
Денсаулығың мықты болсын жан
Жезде,
Құттықтайды қайын жұртың өзіңді.

**ҚҰСМОЛДИНДЕР ӘУЛЕТІ.**



75 жыл Бөкейханның басынан өткен өмірі, соны бүгін ой елегінен өткізуді жөн көрдім.

Бөкейхан Қарасу ауыл советіне қарасты Еңбек ауылында 1949 жылы 20 тамызда өмірге келді. Анамыз Мария оған емшек сүтінің дәмін татқызбастан, оған қоса үлкені 10 жаста, кейінгілері 7 мен 3 жастың арасында төрт баланы әкелері Сәрсембайға аманат еттіп қалдырып, өзі бұл өмірден озды. Қиналған сәтінде әкемнің әпкесі Бәтиха ана қасынан табылды. Кейінгі алған әйелі Нұрбүбінің мінезінің нашарлығынан көптеген қиындықтарға тап бола жүріп, Әкем әпкесінің қолдауының арқасында төрт баласына дұрыс тәрбие беру жолында аянбай еңбек етті.

Алдыңғы үш баласы мектепті жақсы бітіріп, жоғарғы білім алды. Өгей шеше теперішін көп көрген Бөкейхан өзгешелеу болып ержетті. Сонда Әкем бізге Бөкейханым сендерге қарап қанаттанып, сүйекке біткен тектілік тұғырынан таймай үшеуіңнен қалас қалмайды, мен оған сенімдімін, – деп еді.

Әкемнің айтқанындай Бөкейхан өзінің еңбекқорлығының, адалдығының, табандылығының арқасында Ақсу автобазасында 20 жыл эксплуатация бөлімін аса жауапкершілікпен басқарды. Оның осы ерекшелігін байқаған аудан әкімі Байболов жолдас өздеріне қызметке алып, сынақтан өткізіп, соңынан аудандық су бөлімін басқаруға жіберді. Адал еңбегі ескерусіз қалмады. Су бөлімінің коллективі мен аудан әкімшілігі Бөкейханның тынымсыз еткен еңбегін бағалап, ауданның «Құрметті азаматы» атағын берді. Көріпкел әкесі Сәрсембайдың сенімін ақтап, тек оның ғана ұлы емес, ауданның ардақты ұлы екенін дәлелдеді. Бөкейхан ауданымызға ерен еңбегі сіңген қадірлі азаматтарының бірі. Баянды ағаның қызы Нұршамен бас қосып, отбасында үлкен түсіністікпен, сыйластықпен бақытты ғұмыр кешіп келеді. Нұршаға ризамын, тәрбиелі, мейірімді қалпынан айнымай, «Әйелеп» алдымнан кесе көлденең өткен емес. Тәубә – тәубә Бөкейхан мен Нұрша Ержан, Маржан, Біржан, Бауыржандай балаларын тәрбиелеп өсірді, бәрі білімді, қызметте, бір – бір отбасының иелері. Іштерінде Ержанымыздан ерте айырылдық. Артында қалған қос қарғасы аман болсын, өзі жайлы жатсын деп тілеймін.




Орталарында оқығаннан бастап «5» деген баға алудан жалықпаған Бауыржан Сәрсембайдың атын Астанаға әйгілеп, сонда өзі жауапты қызметте. Ата – анасының қамқоршысы, сүйеніші. Денсаулығы мықты, отбасы аман болып, әрқашан адал еңбегі жансын, – деп тілеймін.

Бөкейхан! Сенің бар өміріңді баяндай келе, туған күніңде тілер тілегім:

Өмір жасың ұзақ, балаларың өсіп – өніп, әулет атына сай азамат болып ержетсін, бақтары басынан таймасын. Нұрша екеуің ұрпақтарыңның қызығына тоймай, ұзақ, тату – тәтті ғұмыр кешіңдер. Алла сендерге жар болсын!

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Сеңкібай әулетінің үлкені әйең Ажар. Бетіңнен сүйдім.**

# Халық АЭС салу идеясына қалай қарайды – әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 2024 жылғы 7-18 тамыз аралығында телефон арқылы сауалнама жүргізілді. Іріктемелі жиынтық көлемі 1200 респондентті құрады. Сауалнамаға 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан респонденттер қатысты.

Жалпы, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (53,1%) АЭС салу идеясын қолдайды. АЭС салу идеясын қолдайтындар оған үлкен үміт артады, соның ішінде 2030 жылға қарай электр тапшылығы мәселесі шешіледі деп сенеді.

АЭС салу идеясының қарсыластары (32,5%) негізінен ықтимал апаттар мен олардың қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына алаңдаушылық танытады.

Сонымен қатар әрбір оныншы респондент (14,4%) өз таңдауын әлі жасаған жоқ.

Сондай-ақ, респонденттердің жартысы (51,0%) өздерін АЭС құрылысына қатысты референдумда «қолдау» немесе «қарсы» деп дауыс беру үшін жеткілікті ақпарат пен білім деңгейіне ие деп санайды. Респонденттердің тағы 12,2%-ы толық емес ақпаратқа ие екенін мойындайды. Сауалнамаға қатысқандардың 31,6%-ы мүлдем ешқандай ақпаратқа ие емес, ал 5,2%-ына жауап беру қиынға соқты.

Сауалнама барысында респонденттердің 42,6%-ы АЭС салу мәселесі бойынша референдумға қатысуға толыққанды ниет білдірді. Тағы 16,4%-ы қатысу мүмкіндігін айтты. Респонденттердің 25,3%-ы референдумға қатыспауды жоспарлайды, 8,9%-ы шамасы қатыспайды, ал 6,8%-ы жауап беруге қиналды.

# Құрметті жомарт жандар, бала болашағына бей-жай қарамайтын ауыл азаматтары!

«Мектепке жол акциясы» аясында көмекке зәру, қамқорлыққа мұқтаж жандарға қол ұшын берулеріңізді сұраймыз!

2024 жылдың 1 тамызынан бастап Қазақстанда «Мектепке жол» республикалық акциясы басталды.

Акция аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған.

Байланыс телефондары: 8-775-866-27-77, 8-705-983-10-83.

**Д.АБИЛМАЖИНОВА, «Қаракемер орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ әлеуметтік педагогы.**

# Жемқорлық қоғам дерті

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі бүкіл әлемнің басты проблемаларының бірі болып табылады.

Өкінішке орай, Қазақстан сыбайлас жемқорлық бойынша ТМД елдерінің көшбасшысы болып табылады.

Көптеген жылдар бұрын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы Заң алғаш рет кірді, одан әрі арнайы органдар, партиялар құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық және облыстық қоғамдық кеңестер құрылды, онда бірінші жылы 5000-нан астам азаматтардың өтініштері қабылданды.

Өкінішке орай, Қазақстан сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша ТМД елдерінің алдыңғы қатарында.

2015 жылдың 20 мамырында Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы қабылданған кезде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттарды жетілдіру бойынша заңнама бекітілді.




Бүгінгі күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы бар, онда процессуалдық заңнамаға көптеген түзетулер енгізілген, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті қатайтты, оған мүлікті тәркілеу, мемлекеттік қызметте қызмет ету құқығын өмір бойына бас бостандығынан айыру және т.б.

Осы заңнамалық инновацияларды жүзеге асыру үшін жаңа мемлекеттік орган құрылды, оның жұмысы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған - жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро.

Қысқаша айтқанда, мен болашақ ұрпақ пен біздің еліміздің гүлденуі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін өмірде иллюстрациялық мысалдарды жариялай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жүргізуге күш салу қажет екенін қосқым келеді.

**Бағжан НҰРОВ, Кеңжыра ауылдық клубының әдіскері.**

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор - бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушi жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2174

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.